

Сырдария ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2024 жылғы 9 қазандағы №138 шешімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 5-тармағына, "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Сырдария ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Сырдария аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырдария аудандық мәслихат төрағасы

Е. Әжікенов

Сырдария аудандық мәслихатының
2024 жылғы 9 қазандағы
№ 138 шешіміне 1-қосымша

Сырдария ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен жалғыз тұрғынжай ретінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрған Сырдария ауданындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) (бұдан әрі - алушы), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Алушының тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың жиыны ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер алушының жиынтық кірісін "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен "Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) есептейді.

3. Алушының жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар деңгейі 7 (жеті) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

4. Тұрғын үй көмегін алушылар үшін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстары кондоминиум объектісінің жалпы алаңы ішінде алушының жеке меншік көлеміне байланысты айқындалады.

5. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Тұрғын үй көмегі келесі нормалар бойынша есептеледі:

1) электр қуатын тұтыну нормалары 1 айға:

1 адамға - 70 киловатт;

2 адамға - 140 киловатт;

3 және одан да көп адамға - 210 киловатт;

2) газ тұтыну нормалары 1 айға:

4 адамға дейін - 10 килограмм;

4 және одан да көп адамға - 20 килограмм;

табиғи газ:

4 адамға дейін - 10 текше метр;

4 және одан да көп адамға - 20 текше метр;

3) отын тұтыну (көмір) жылу беру маусымына:

3 адамға дейін айына - 0,5 тонна;

3 және одан көп адамға айына - 1 тонна;

табиғи газ жылу беру маусымына (әр айға) - 300 текше метр;

4) тұрғын үйді күтіп ұстау ай сайын:

1 адамға - 18 шаршы метр;

жалғыз тұратын адамдар үшін - 31 шаршы метр;

5) жылумен жабдықтау ай сайын:

1 адамға - 18 шаршы метр;

жалғыз тұратын адамдар үшін - 31 шаршы метр;

6) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде.

Коммуналдық қызметтерді есептейтін құралдары бар тұтынушылардың әлеуметтік нормасын есептеу кезінде есептегіштер көрсеткіштеріндегі нақты шығындар, бірақ белгіленген тарифтер мен нормативтерден артық емес қолданылады.

Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің нормалары мен тарифтерін қызмет көрсететіндер ұсынады.

6. Тұрғын үй көмегін алушылар өздерінің тұрғын үйге меншік нысанындағы, отбасы құрамының, оның жиынтық табысындағы кез келген өзгерістері туралы уәкілетті органға 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлайды, көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындауға әкеп соққан толық емес немесе жалған мәлімет ұсынылған кезде, тұрғын үй көмегін төлеу тоқтатылады, ал артық немесе негізсіз алынған сомаларын алушымен ерікті тәртіппен, ал бас тартқан жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен қайтаруға тиіс.

8. Уәкілетті орган артық немесе негізсіз төленген тұрғын үй көмегін төлеу фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде алушыға артық төленген немесе негізсіз төленген тұрғын үй көмегін қайтару қажеттілігі туралы жазбаша хабарлама жібереді.

9. Тұрғын үй көмегін көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру Сырдария аудандық бюджетінен ағымдағы қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

10. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен екінші деңгейдегі банктер арқылы, сондай-ақ банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы есептелген сомаларды алушылардың жеке шоттарына шешім қабылданған айдан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде аудару арқылы жүзеге асырылады.

Сырдария аудандық мәслихатының
2024 жылғы 9 қазандағы
№ 138 шешіміне 2-қосымша

Сырдария аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 163 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6131 болып тіркелген);

2. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсанындағы № 163 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 399 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7329 болып тіркелген);

3. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсанындағы № 163 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 470 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 болып тіркелген);

4. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 163 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 19 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8401-11 болып тіркелген).